

Нысанның БҚСЖ бойынша коды
Код формы по ОКУД

КҰЖЖ бойынша ұйым коды
Код организации по ОКПО

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Министерство национальной экономики Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген 017-е нысанды медициналық құжаттама
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Наименование государственного органа санитарно- эпидемиологической службы Маңғыстау аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы Мангистауское районное управление по защите прав потребителей	Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение**

№ R.03.X.KZ28VBS00025626

Дата: 07.04.2016 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Ғлан балабақшасы Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
сараптауға берілген немесе қайта жанартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тиімділік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың өнімнің
көлемдерінің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкция и т.д.)
вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 25.03.2016 15:52:35 № KZ05RBP00025707
өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күн, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) Государственное коммунальное казенное предприятие
Детский сад "Ғлан" ақимата Мангистауского района, "Ғлан балабақшасы" Коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорын Мангистау ауданы с. Жыңғылды, Қожағедді батыр 2 -
Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта
санитарно-эпидемиологической экспертизы)

мектепке дейінгі білім беру мекемесі
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность) Сопровождение программного
обеспечения

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны) қажет емес

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) Өтініш 25.03.2016ж №32

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) қажет емес

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются)
қажет емес

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, ү
технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (условий,
условий, технологий, производств, продукции)



«ан» балабақшасы екі қабатты, типтік ғимаратта орналасқан, құрылысы жаңадан салынған 2015 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілген. Балабақшаның айналасы темір жолмен қоршалған. Территориясы шаруашылық аймағына, ойын алаңдарына бөлінген. Шаруашылық аймағында автономды жылу қазандығы, ауыз суға арналған және өрт қауіпсіздігіне арналған құдықтар, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған алаң және септик орналасқан. Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған бір контейнер бар, асты бетондалған, үш жағынан қоршалған, контейнердің қақпағы бар. Ойын алаңдарының саны -4. Барлық алаңда көленкелеу баспаналары бар және балаларға арналған ойнайғын жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ойын алаңдарына құм төселген, құм салғыштардағы құмдар апта сайын ыстық сумен залалсыздандырылып, жұмыс соңында беттері жабылады. Территорияда ағаштар отырғызылған және газондар егілуде, жолдардың барлығы асфальтталған.

Жылу жүйесі газ арқылы, автономды қазандықтан беріледі. Ауыз су жүйесі құдық арқылы. Құдықтың көлемі 25 тонналық, ауызсуды «Дария» МҚК қарасты су тасымалдайтын көлігімен әкеледі, келісім шарт жасалуда. Құдықтан ішке насос арқылы тартылған, барлық раковиналарға су келіп тұр. Лас ағынды су септикке құйылады. Лас сулар арнайы транспортпен әкелініп отырады, ол үшін «Мангыстау жылу су» МҚК келісім шарт жасалуда. Ыстық су раковиналардан ағып тұр, ыстық су котел арқылы жылытылады.

Балабақша жобалық сыйымдылығы 80 орындық, қабылданған бала саны 63. 3-6 жас аралығындағы балалар қабылданған, негізінен 4 топқа бөлінген: екі ересектер – 5-6 жас, екі кіші топ -3-4 жас. Әзірге 3 топ бар, бір топ бос. Әр топта 20 баладан бар. Ересектер тобы екінші қабатта, кіші топтар бірінші қабатта орналасқан.

Екінші қабатта акт залы, үйірме бөлмесі, екі топтық ұяшық, әкімшілік бөлмелер, қызметкерлерге арналған дәретхана орналасқан. Барлық бөлмелердің қабырғалары сулыэмульсиямен сырланған және едендеріне линолеум төселген, дәретханалардың, асблогының, кір жуу бөлмесінің, қабырғалары 1,8м биіктікте және едендері кафельденген.

Бірінші қабатта балалар топтарында қабылдау бөлмесі, дәретхана, буфет, ойын залы және жатын бөлмелері бар. Қабылдау бөлмелері балаларға және қызметкерлерге арналған шкафтармен, орындықтармен, столдармен, орындықтармен, ойыншықтармен, кереуеттермен, ыдыс-аяқтармен жеткілікті қамтамасыз етілген. Кереуеттер әр топта балалардың бой ұзындықтарына қарай орналастырылған. Буфеттерде ыдыс жууға екі раковинадан орналасқан, ыдыстарды сақтайтын шкафтар ілінген. Әр топта өз алдарына шап сорғыштары бар. Жұмсақ ойыншықтар бактерицидтік шамдар арқылы залалсыздандырылады, ол үшін жылжымалы бір шам бар.

Дәретханаларда 3 унитаз, 4 раковинадан орнатылған, барлығы балалардың бойларына қарай сәйкестендірілген. Екі кіші топта түбектер пайдаланылады, оларды сақтайтын ұяшықтар бар, барлығы таңбаланған, түбектерді залалсыздандыруға ыдыстар бар.

Медициналық блокта окшаулау бөлмесі, медбикенің қабылдау бөлмесі, емшара бөлмесі, дәретхана және қосалқы бір бөлме бар. Окшаулау бөлмесінде бір кереует, тумба, раковина бар және терезе қарастырылған. Балабақша жаңадан ашылуына байланысты қажетті құрал-жабдықтармен біртіндеп қамтамасыз етілуде.

Асблогы бірінші қабатта орналасқан. Онда тағам өнімдерін қабылдау есігі артқы жағынан. Екі қойма бөлмесі, шикі өнімдерді дайындау және жуу бөлмесі, асүй ыдыстарын жуу бөлмесі, қызметкерлер бөлмесі және тамақ пісіру бөлмесі қарастырылған. Қойма бөлмелері сөрелермен, тоңазытқышпен қамтамасыз етілген. Бір мұздату камерасы бар. Ыдыс жуу бөлмесінде 3 ыдыс жууға арналған раковина, ыдыстарды ыдыстауға екі сөре шкаф бар. Қызметкерлер бөлмесінде душ, раковина, унитаз қарастырылған, киімдерді сақтайтын шкафпен қамтамасыз етілген. Тамақ пісіру бөлмесінде екі электрлік пеш, 1 сковородка, 2 су қайнататын котел, екі қол жуатын раковина, 3 стол бар. Пештердің үстінде ауаны соратын-сорып шығаратын екі қондырғы орнатылған. Тамақ тарату есігі бөлек, арнайы стол бар және екінші қабатқа тамақ жеткізуге лифт қарастырылған.

Кір жуу бөлмесі екі бөлмеден тұрады: жуу және үтіктеу бөлмелері. Лас төсек орындары мен киім кешектер терезе арқылы қабылданады. Лас және таза ағымдылық сақталған. Жуу бөлмесінде 12 кг-дық 2 автомат машина, 1 ванна, 1 раковина орнатылған. Үтіктеу бөлмесінде 2 үтіктеу тақтасы, 1 үтіктеу аппараты, тігін машинасы бар. Таза төсек әбзелдері, сүлгілер бөлек бөлмеде сөреле сақталады.

Балабақшада 32 қызметкер жұмыс жасайды, барлығы медициналық байқаудан өткен, медициналық кітапшалары бар.

Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света:)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки и генеральных планов, чертежей, фото)

зертханалық хаттамалар қоса жалғанады

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Ұдан балабақшасы Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарак) пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, проект орталықтардың, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы) Ұлттық экономика министрлігінің 17.03.2015ж №217 бұйрығы Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)

сай (соответствует)
(нужное подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

нсок
«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде бұл санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар. На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

Маңғыстау аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы

№ 1 үй.

Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)


Маңғыстауское районное управление по защите прав потребителей


Исауленбайұлы, дом № 1.

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Ашиқбаева Дина Түйешиевна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)





Augura : Bovenan, I
7 04 2016. Thuf